

84.5 Καβ.
C-28

Сагаган Салимбаев

Фара

Хулар

Фаркелдди



САҒАДАТ СӘЛІМБАЕВ

ДАРА ТҰЛҒА
ДӘРКЕМБАЙ

Хикәяттар

Алматы — 1999

ББК 84(5Қаз)
С 28

Сәлімбаев Сағадат
С 28 Дара тұлға Дәркембай: Хиқаяттар.— Алматы: 1999 — 280 бет
+ 1 б. т. жапс.

ISBN 9965-01-261-X

«Дара тұлға Дәркембай» — екі повестен тұратын жинақ. Алғашқысы Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері, қолөнердің дарабозы Дәркембай Шоқпарұлының өнердегі өмір жолы туралы. Бұл повестен оқырман қауым атақты қолөнершінің ішкі әлемі арқылы өзіне танымдық көп жайттерді табады. Ұлтты арғы заманнан бері бүкіл адамзат өркениеті дәрежесінде таныстырып келе жатқан өнер саласы — қолөнердің небір қыр-сырына повесть кейіпкері Дәркембай Шоқпарұлы арқылы оқырман ойша сапар шегеді. Өнер жолы — қиын жол. Қиындығы болмаса — ол өнер деп аталмас та еді?..

Екінші повесть — «Арсалаңның азабында» оқырман С. Сәлімбаевтың бұдан бұрын жарық көрген «Араша», «Арпалыс» повестерінің басты кейіпкері Қорланмен қауышады. Мұнда Қорланды Кеңес өкіметінен кейінгі, өтпелі кезеңдегі қым-қуыт өмірдің ортасынан көреміз. Арсалаңдап қуанар «егемендік», «тәуелсіздік», «демократия» деген үлкен жеңістер бар. Бірақ оны кім қалай қабылдап, қалай пайдаланып жүр, халық өзінің ғасырлар бойғы аңсарлы күніне жетті ме, әлде оған дейін әлі дүдәмал жылдардан өту керек пе? Қорланды қандай тағдыр күтулі?..

ББК 84 (5 Қаз)

С 4702250201-01
00(05)—99

© Сәлімбаев С., 1999

ISBN 9965-01-261-X

Даркен, бойыңыздағы асыл қасиетті қай өнеріңіз болмасын, қалам иелерінің болашаққа қалдырып кетер романдарының сарқылмас суаты боларына сенемін. Әзірге, өнер жолындағы творчествоңыздың отыз жылдығына арнайы жазылған осы шағын шығармамды ізгі ниетпен қабыл алыңыз.

Автор.

Дара тұлға Дәркембай

Адамды адам еткен саналы еңбек болса,
Адамды адам санатына қосқан — өнер.

Қорлан.

Жүрген соң жұмыр жерді күнде басып,
Жол табам тұманнан да түнде адасып.
Өмір сүрсең, дәл мендей өмір сүйсең,
Боларсың тіршілікке күнде ғашық.

Дәркембай Шоқпарұлы.

Көп жылдар бойы армандап, жан сала ұмтылса да әркімнің қолына түсе бермейтін құжат Дәркембайдың қолына кеп тиді. Алматы қаласы, Жандосов көшесіндегі көп қабатты үйлердің бірінен бес бөлмелі пәтерге ие болды.

Бөлмеден бөлме қуып, атшаптырым дәлізде асыр салып ойнап кеткен балаларына, Балжан әдетінше қой демеді. Мына қуаныштан өзі де бала боп ойнағысы келеді.

«Қашанда қуанышпен бір реніш қатар жүреді» деген сөз рас та шығар...

Алматының бас жағында Көкшоқы деген жерде «Селезащита» деген мекеме орналасқан-ды. Өздері түгел Алматы қаласына көшіп, үш қабатты үйлері босай қалды. «Шәкірттерімнің басын қосып кооператив құрсам» деп ойлап жүрген Дәркембай қала басшыларының қабылдауында болып, алдына алған мақсаттары мен түпкі жоспарларын айта келіп, сол босаған үйлерді беруін сұрайды. Сол кездегі Министрлер Советінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевқа да

өтініш хат жолдайды. Сол тұста қала басшылығы қолында болған Заманбек Нұрқаділов Дәркембайдың ойын жете түсініп, оның жоспарын қызу қолдайды. Заманбектің көмегімен тиісті құжаттар тез арада толтырылып, керекті жерге тіркеліп, 1988 жылы Дәркембай «Мирас» деген кооперативті өмірге әкелді. Иелік еткен үш қабатты үйлері тұрғын үйлер ретінде емес, шеберхана ретінде берілді. Құжаттарға да солай деп жазылды.

Кооперативтің төрағалығына, мамандығы сәулетші, Әлихан Абдрахманов деген жігіт сайланады.

— Әлеке,— дейді Дәркембай сайлау алдында.— Сіз кооперативіміздің өндірісі мен финанс жағын басқарып берсеңіз, мен бас суретші болып, шығаратын заттарымыздың сапасы мен талғамы жағын қадағалайын. Сенікі, менікі деп жататын не бар. Бәрімізге ортақ іс қой,— деп төрағалыққа таласа қоймайтын пікірін білдіреді.

Аңқылдап ақ көңілімен айтқан Дәркембайдың онысына қуаныш білдірген ол:

— Айтқаныңа көнемін де, Дәркен,— деп жүзі жылып қоя берді. Әлихан Дәркембайға «сен» деп сөйлейді. Өйткені екі-үш жас үлкендігі бар-ды.

Жиылған шеберлер үш қабатты үйлерге, қолөнерлерінің ыңғайына орай орналасып, жоспарланған бұйымдарын жасауға кірісіп те кетті.

Өкімет үйінің алдындағы алаңға таяп тұрған үйлердің бірінен жалға бөлме алып, оған офисын орналастырған «Мирас», төменгі қабатынан дүкенін ашып, шеберханада жасалынатын бұйымдарын саудаға түсірді. Дәркембай көбіне шеберханада, Әлихан болса, офисте. Сауда-саттық, қағаз жұмыстарын қолына алған. Күндер өткен сайын, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, банктен ашқан есеп-шоттарына қаражат молынан түсіп, әлеуметтік жағдайлары жақсара бастады. Екі жылдың ар жақ, бер жағында шеберханадан шығып, сән-салтанатты бұйымдары жұртшылықтың көңілін тауып, құрметке бөленді. Оны сезген «Мирас» ұжымы одан әрі жұдырықша жұмыла түсті.

Осы тұста шәкірт болып келген жастар да, әлеуметтік жағдайлары жақсарып, бірінен соң бірі сүйгендермен жанұя құрып, орталары қуанышқа толды. Олардың пәтерлері болмаған соң шеберхананың бір-бір бөлмелерін пәтерге айналдырып алды. «Кейін пәтер, немесе, үй сатып алар» деген ойда болған Дәркембай олардың онысына онша қарсылық білдіре қоймады. Тек:

— Бұл үйлер бізге шеберхана ретінде берілген. Сондықтан да жатақ орнына тіркелу деген болмайды. Ол жағын естеріңнен шығармаңдар,— деп ескертеді.

Уақытша болса да қосылған сүйіктілерімен мекендей тұруға ұлықсатын берген Дәркембайға риза болған жас отау иелері:

— Рахмет, аға! Әрине, ол жағын білеміз. Бұл жақсылығыңызды еш уақытта ұмытпаймыз!— деп ризалықтарын білдіріп жатты.

Бір күні хат тасушы келіншек шеберханаға келіп Дәркембайдың қолына тілдей бір қағазды ұстата қойды. Оқып көрсе, қалалық КРУ-дың Ырыс Әбішев деген қызметкерінің, келіп кетсін деген шақыру қағазы екен.

Шақыру қағазында көрсетілген мерізімінде жеткен Дәркембайды Ырыс жылы жүзбен қарсы алып, үлкен үстел қапталындағы жұмсақ орындыққа отырғызып «Мирастың» бүгінгі жағдайы мен болашағын сұрап сөзге тартты. Әңгіме желісінің созылып кеткеніне шыдамсыздық көрсеткен Дәркембай:

— Ырыс Жүнісович, сіз мені кооперативтің бүгінгісі мен ертеңгісін сұрау үшін шақырмаған боларсыз. Бүлдіріп қойған жеріміз болса тұрасына көшсеңіз қайтер еді,— деп шамалы қабағын шытты.

— Көшсек, көшелік,— Дәркембайдың тіке айтқан сөзі көңіліне ұнамай, өзі де түсін өзгертіп.— «Мирастың» төрағасы Абдрахмановтың істеп жүрген қылмысты әрекеттерінен хабарыңыз бар ма?— деді.

— Қандай қылмыс істеп қойыпты?!— деді, өзі секілді, қасында жүргендердің арамдығы мен алалығы болмайды деп түсінетін Дәркембай.

— Дүкендеріңізден түскен ақшаның бір бөлігін, сыбайластары арқылы, заңсыз түрде Американдықтардың көк долларына айырбастап жүргенін білмейді екенсіз ғой?

— Әрине, білмеймін! Дәлелдеріңіз бар ма?

— Әрине, бар. Мүмкін басы артық ақшаны қайдан алатынын білетін шығарсыз?— деді Ырыс Дәркембайға қадала қарап.

Түсі бұзылып кеткен Дәркембай:

— Мен қайдан білейін! Білсеңіз айтып беріңіз. Мен де хабардар болайын!— деді.

— Ашу шақырмай алдымен тыңдап алыңыз. Біздің адамдардың анықтауы бойынша, шеберханадан келген қол бұйымдарын тізімге түгел алмай, біразын бармақ астына басып қалып, дүкенші қызбен келісіп, одан түскен ақшаны өз қалтасына салатын көрінеді. Ол қылықтары тексеріліп, дәлелденді. Оған күмән келтірмеңіз. Тіптен бухгалтеріңіз де оны сезбеген. Кооперативтің бас құрушысы ретінде сізге ашып айтып отырмын. Абдрахмановтың үстінен іс қозғамақпыз. Ол үшін, заң бойынша алдымен жұмысынан босатылуы тиіс. Кооператив мүшелерін түгел жиып алып жиналыс ашыңыз. Біз барып оның қылмысты істерін түсіндіріп береміз,— деді.

Жиналыс үстінде Әлихан жәутендеп Дәркембайға қарай берді. Онысы, қорғап, сөз айтар ма екен дегені. Жоқ. Дәркембай оның қылмысты іс-әрекетін ақтай сөйлемеді. Қайта: «Жұмыла бір кісідей жүгіріп жүрген ортақ тірлігімізге кесірін тигізіп, ортақ қара қазанымызға жымысқы қол жүгіртіпті. Сондықтан да бұл «Мирастан» Әлиханның кетуі керек» деген ұсынысын ортаға салды. Содан жиылған жұрт екіге бөлініп біраз пікір талас туды. Таза емес тірлік иесі қашан да қолдаусыз қалатыны бар ғой. Көпшіліктің қалауымен Әлихан орнынан босатылды.

Содан қойшы, келесі бір шұғыл жиылған кооператив мүшелерінің жиылысында, бұрын ішкі істер министрлігінің аудандағы бөлімін басқарған, отставкадағы Мұсақан Артықпаев деген кісі «Мирастың» төрағасы болып бір ауыздан сайланды. Жиналысқа қатысқандардың қайсысы болмасын, бұл кісі заңды жақсы біледі, Әлиханның жасаған әрекетін істемейді деген пікірмен тарасты.

Үстінен қозғалған істен амалын тауып, білекті біреудің көмегімен құтылып кеткен Әлихан, енді қалай да Дәркембайды жайына қалдырмай, оны жардан құлатудың жолын ойластырып, соңына түсті. Сол тұсқа, мекен-жайға тіркелмеген жан баласына, тапшы болған азық-түліктің кей түрлері берілмейтін заң дәлме-дәл келмесі бар ма. Жатақ орнына тіркеусіз шеберханада тұрып жатқан қолөнер шеберлері, дүкеннен дүкенді адақтап жүріп керекті тағамдарын ала алмай тарыға бастайды. Олардың тығырыққа тірелген жайларын пайдалана қойған Әлихан жанашырлық жасап, бірге жұмыс істеген, көңіл жақын таныстарына астыртын «көмекке» келіп:

— Сендер қалай да амалын тауып Дәркембайдың көзін құртыңдар. Ол «Мирасты» тастап кететін болса бар ғой, мен сендерді кәзіргі тұрып жатқан шеберханаларыңа, пәтер ретінде тұрақты тіркетіп, ала алмай жүрген азық-түліктеріңе қолдарыңды жеткізем. Шыным осы. Ол жағынан қам жемендер. Қайталап айтайын. Дәркембай кооперативтен кетсе болғаны.

— Құжаттарда жазылған емес пе, пәтерлікке шеберхана берілмейді деп,— Мәліке Тоғыспаева деген шебер келіншек Әлиханның сөзіне сенімсіздігін білдіреді.

— Оған қол ұшын беретін жоғарғы жақта сенімді ағайым бар,— деп Әлихан уәдесін шегелей түседі.

Қу құлқынның қаракетінен қысылып жүрген кезде кейбір жан баласының жалт беріп, әу бастағы бағытынан тайып тұратыны бар ғой. Осындай осал жерлерін дәл басып, жасырын келіп-кетіп жүрген мына Әлиханның ұжым арасына сына қағып жүргені, санасына сыймаған Мәліке тағы сөйлеп қалды.

— Жоғарыда ондай мықты адамыңыз болса, бізге келіп несіне әуре болып жүрсіз. Дәркембайды орнынан жұлып алып, алды-артына қаратпай ауылына айдап жібермейсіз бе, өзіңіз-ақ,— деп кекесін сөйлеген еді. Әлихан онысын байқамаған болып:

— Кооператив жарғысы бойынша, ол іс, тек бас қосқан мына кооператив мүшелері, сендердің ғана қолдарыңнан келеді. Содан соң бар ғой...— деп тағы көптеген жақсылық пен молшылықты аямай тыңдап отырғандардың бастарына үйіп-төгіп тастады.

Содан қойшы, өзі шақырып, «Мирастың» құрамына алған бір топ Дәркембайдың өз шәкірттері, оның үстінен «домалақ» арыздардың бірінен соң бірін жазып тірліктің берекесін кетіреді. Басты тағатын кінәлары — дұрыс жолмен басқармайды, жеке басының қамын ойлап, шаруасына бізді шегеді. Ішіп қойды, жеп қойдының төңірегі.

Содан апта сайын, ай сайын «Мирас» кооперативі тексерілуден көз ашпады. Қабағын түйе келгендер шұқыланып қанша мұқият тексерсе де, бүлініп кеткен еш нәрсе таба алмай дінкелейді. Олардың алдына қойылған міндет — қалай да «Мирас» басшыларының жіберіп алған кемшіліктерін табу керек. Кемшілігін таба алмай бірі кетсе, «домалақ» арыз жазылады да келесі тексеруші келеді. Қай жазылғаны болмасын, сол баяғы бір сарын. Дәркембай да ол құбылысқа үйреніп алды. Келесі тексере келетіндерге беретін жауаптарын қағаз

бетіне күні бұрын түсіріп, даярлап қоятын болды. «Көне, мынаған не дейсіз?» десе әлгі даяр тұрған жауабын ұсына қояды.

Бір күні түс мезгілінде Дәркембайға, кооперативтің төрағасы Мұсақан:

— Сізді вице-премьер Мырзатай Жолдасбеков іздеп жатыр. Міндетті түрде келіп, жолығып кетсін дейді,— деп телефон соқты.

— Ол кісінің маған қажеті жоқ,— дейді Дәркембай сымның арғы ұшынан. Сөз ырғағында шамалы ашу сезіледі. «Домалақ» арыз аупартком мен қалалық партия комитетінен асып барып жеткен екен ғой» деп ойлайды да, сөзін жалғастырып.— Егер қажетім болса мені өзі тауып алар,— дейді де телефонның құлағын орнына қоя салады.

Мұсақан өмір бойы ішкі істер министрлігінде қызмет жасап, естіген-білгендерін бүкпесіз тура жеткізу әдетіне айналған емес пе. Дәркембайдың айтқандарын вице-премьерге қылпығын қисайтпай, бір сөзін қалыс қалдырмай сол қалыбында баяндап береді.

Безілдеп кеткен телефонның құлағын көтерген еді, қайта қоңыраулатып тұрған Мұсақан.

— Мырзатай Жолдасбеков: «Келмесе, өзім барайын» деп жатыр. Бірер сағаттан кейін офисімізге келетін болды. Үйіңе бармақ та болған еді, мен: «Осында келгеніңіз жөн шығар. Дәркембайды шақырып алам» деп ақыл қостым. Айтқаныма құлақ асып, мақұл алды. Кешігіп жүрме, тез кел,— деп жаны қысылғаны оның аптыға сөйлеген сөз ырғағынан сезіледі.

— Жарайды. Қазір жетем,— деген Дәркембай дұрыстау киімін киіп, «Домалақ» арызға күні бұрын жазып, даярлап қойған жауабының бір данасын көк папкасына салып сыртқа шықты.

Өкімет үйінің алдындағы алаңның арғы бетінде орналасқан «Мирас» кооперативінің офисінде Мұсақан мен Дәркембайдың, Мырзатай Жолдасбековты күткендеріне біраз уақыт болды. Мұсақан темірдей тәртіпке үйренген жан емес пе. Оның үстіне, жоғары дәрежелі бастықтарды өз жұмыс орнында қарсы алып көрмеген жан болса керек. Дегбірі кетіп, қайта-қайта орнынан тұрып барып терезеден алаңға көз тастай береді. «Алаңның бір шетінен екінші жағына жету үшін көлігіне міне қоймас. Дәуде болса, көр де тұр, жаяулатып келеді, ол кісі» деген ойда.

— Ау, Мүсеке, тыпырши бермей отырмайсыз ба! Келетін адам өзі де келеді ғой,— деп қояды Дәркембай.

— Жоқ. Жүр, отыра бермей алдынан шығып алаң үстінде қарсы алайық. Үлкен кісі ғой. Шығып қарсы алмасақ ұят болар,— деп үстіне киген киімінде қылпық көрінбесе де оны қолымен сипай қағып-қағып қояды. Етігін де неше мәрте тазалап, айна алдына барып галстугін түзеп, шашын тарай берді.

— Мен алдынан шығып құрмет көрсетпей-ақ қояйын. Келген соң да көрсетіп алармын сый-сияпатымды,— деп Дәркембай орнынан қозғалар емес.

— Өзің біл. Мен кеттім,— деген Мұсақан үсті-басын тағы сілкі қағып, айна алдына барып шашын қайта тарап алады да сыртқа қарай жөнеледі.

Әлден соң Жолдасбеков сәлем бере, өздеріндегі бір бөлімді басқаратын, әрі мәдениет саласын бақылайтын Төлен Әбдіковты ертіп, соңына ілескен Мұсақан үшеуі офиске кіріп келеді. Орнынан тез тұрған Дәркембай қарсы жүріп, қолын ұсынып, «төрлетіңіздер» деп сый-сияпатын көрсетіп оларды төр жаққа оздырып жібереді.

Орындыққа жайғасып болған соң Мырзатай Жолдасбеков қолтықтай келген қара папкасын үстел үстіне жайлап қойып, Дәркембайдың хал-жағдайын, істеп жүрген тірліктерінен әңгіме қозғап, келгендегі басты шаруасын айта қоймады. Не үшін келгенін сезіп отырған Дәркембай шыдамы таусылып:

— Мырзеке,— деді жайдарлы жүзбен салмақтай сөйлеп.— Хал-жағдайымды несіне сұрай бересіз. Мен сәуегейлік жасайын деп отырғаным жоқ. Білуімше, ана қара папканың ішінде үстімнен жазылған «домалақ» арыз жатқан болар. Барлық инстанцияны аралап өтіп, сіздерге де жеткен екен-ау. Тексертем десеңіз құп та құп. Неше мәрте тексеруден өтіп үлгерген адаммын. Шынымды айтсам бар ғой, Мырзеке, сол арыздағы жазылғанның бәрі жала. Не жазғандары өзіме аян. Берер жауабым міне, мынау. Даярлап қойғам,— деп езу жиған Дәркембай төрт парақ қағазды хатшының алдына жылжытты.

Күліп жіберген Мырзатай Жолдасбеков қасында зейін қоя тыңдап отырған Төленге жүзін бұрып:

— Мына істі жабыңыз да, архивке өткізе салыңыз,— деп қолтықтап келген қара папкасын да, Дәркембайдың алдына жылжытқан төрт парағын да бөлім бастығы Әбдіковқа тапсырып орнынан тұрды.— Аландамай жұмыстарыңды істей беріңдер. Еңбектеріңе үлкен табыс, өздеріңе зор денсаулық тілеймін. Сау-саламат болыңыздар,— деп «Мирас» басшыларына тілек айтып сыртқа шығып кете барды. Қара папканы енді өз қолтығына қысқан Төлен хатшыға ілесті. Шығарып салу рәсімін жасаған Мұсақан тапырақтай олардың соңынан жөнелді.

Осыдан кейін көп кешікпей, тұрып жатқан үйлеріне ие болып қаламыз ба деген есек дәмемен, «домалақ» арызды қосыла жазған шеберлер, азғыруға өздерінің оңбай түсіп қалғандарын мойындап, Дәркембайдың алдына жүгініп кешірім сұрап жатты...

Дәркембайдың түн ұйқысын төрт бөліп, мазасын алып жүрген жай осы ғана емес еді. Бұл қолайсыз жай өтті-кетті. Бәрі орнына келген секілді. Дегенмен қисая беріп құлап қала жаздаған «Мирастың» тірлігі кейінгі күндері төмендеп бара жатқанын сезеді. Нарық деген «Мирастың» бойын бойлай тереңіне сіңген сайын оның «қалтылдауы» жиілеп, берекесі кете бастады. «Кооперативтің ұжымын қалай ғана таратып алмай сақтап қалам?!» деген ой еді, Дәркембайға түн баласы ұйқы бермей жүрген.

Жастыққа басы тисе келіп тұрған ұйқы қаша жөнелетін болды. Көзін шарт жұмып алып қыбыр етпей ұйқы шақырған болады. Онысынан түк шықпайды. Содан әрі аунап, бері аунап болмаған соң орнынан тұрып кетеді. Жер үйден кейін ат шаптырым алаң болып көрінетін пәтердің дәлізінде әрі-бері жүріп алады. Түн жарымы ауа, күні бойғы тірліктің қиқыметінен қалжыраған Дәркембайдың тұла-

бойы ауырлап барып ұйқыға көміледі. Ертесінде ұйқысы қанбай ерте тұрып жұмысына кетеді. Көңілін жайбарақаттық басып, еңсесі түсіп жүрді. Күндегі көретін күні осы.

Алғашында бұл жабырқауын: «Мына бес бөлмелі үйдің өзінен болар? Үстімдегі жеті қабат пәтерлер де бар салмақтарымен еңсемді басып есеңгіретіп те жүрген шығар?!» деген ойға да келді. «Шырақ жағып, құдайысын беріп мекендедік емес пе?.. Үйден бола қоймас...» деп ол ойынан да ат-тонын ала қашады. Бір сәт ішкі түйсігіне үңілген еді, ауласына шығып көрік басып, балға соғып жүретін күндерін аңсайтын секілді. «Демек, мына әңгередей бес бөлмелі үйде тұрып, бос уақытымды немен айналысатынымды білмей жаным жайсыздыққа душар болған екен-ау!» деген ойға тоқталады. Содан: «Қой, жан тыныштығыма мәз болып отыра бермейін. Еңбекке деген құштарлығым мен ұзақ жылдар бойы тірнектеп жүріп бойыма сіңірген асыл қасиеттерімнен айырылып қалармын. Бос уақытта әлде немен айналысуым керек! Немен?..» деп тағы тұйыққа тірелді.

Ұйқы қашқан бір кеште, ас бөлмеге келіп сусын ішпек болған Дәркембай үстел басына отыра қалды. Әйелі мен балалары қалың ұйқының құшағына кеткені қашан. Кесеге құйып алған компотын ұрттап отырып үлкен бір қиялдың жетегінде кетеді. Осы тұста қолына қалам алып, қағаз бетіне әлде қандай сөз тізбектерін жазып тастағанын өзі де байқамай қалды. Ол өзінен өзі болды. Онысына: «Мұндайым жоқ еді ғой. Не жазып отырмын өзі?» деп қағаз бетіне түскен жолдарды оқи бастады. Қолындағы қалам ұшынан мынадай бір шумақ өлең шығыпты.

Күнім жоқ өткен толғанбай,
Аузыма құм толғандай.
Түнжырап үнсіз отырам,
Дүние төрік болғандай...

Мұнысына өзінен өзі аң-таң болған Дәркембай, ойын жалғастырып тағы бірнеше шумақтарды әп-сәтте жазып тастайды. Тіптен қиналмай жазды. Қағаз бетіне түскен өлең жолдарын неше мәрте оқып шығып, өзіне өзі дән риза. Байқайды, кеуде тұсын күйдіріп маза бермей жүрген от жалыны біршама басылғандай. Тұла бойы жеңілденіп те қалды. Содан жазған өлең жолдарын екі-үш мәрте тағы оқып шығып, ақ паракқа әдемілеп оны көшіреді де, төсегіне барып жата қалады. Қисайғаны сол екен, әлде қайдан қаулап келген қалың ұйқы, тәтті сезімге оранған оны, әп-сәтте өзінің «әлеміне» алып кете барды.

Ертесінде сергек оянған Дәркембай жастығының астына жасырып жастанып жатқан ақ паракты қолына алып, түндегі жазған өлең жолдарын оқып, езу жиды. Күйеуінің бүгінгі жарқын жүзін көрген Балжан:

— Дәркен, түрің бал-бұл жанып тұр ғой. Қуанышын болса мен де ортақтассам қайтер еді,— дей келіп күйеуінің құшағына көмілген келіншек.— Ал енді, қуанышыңмен бөліссейші!— деп ержігіттің қыты-

ғын қоздыратын ерекше бір сүйкімді күлкісін езуіне үйіріп, Дәркембайға қос жанарын аударды.

— Айтарлықтай қуанышым жоқ, Балжаным. Дегенмен жан-дүниеме күшті әсер қалдырған, мына бір жазғандарымды оқып көрші,— деп келіншегінің маңдайынан иіскеп алған Дәркембай қолындағы ақ парақты Балжанға ұстата беріп өзі сыртқа шығып кетті.

Ақ парақты қолына алған Балжан жазылған мына өлең шумақтарын оқып шығады.

ҚИРАҒАН ЕСКІ ҚОРҒАНДАЙ

Күнім жоқ өткен толғанбай,
Аузыма құм толғандай.
Түнжырап үнсіз отырам,
Дүние төрік болғандай.
Жапырақ қурап солғандай,
Қалтырап тәнім тонғандай.
Қапаста қалдым, қажыдым,
Қалғандай боп сормандай.
Не жаздым бұлай болғандай,
Бал бармақ, шебер қол қандай.

Болдым-ау, ада бөрінен,
Шапаным тозып оңғандай.
Білмедім сол мен оң қандай,
Суық сөздерден қорғанбай.
Қазіргі күнім күн емес,
Қираған ескі қорғандай.
Шуағы күннің мол қандай,
Сезінбей барам, ол қандай?
Бақыттың құсы басқаның
Басына барып қонғандай.

— деп аяқтапты.

Күтпеген жерден Дәркембайға келген мына қалам өнері Балжанға үлкен әсер етті. Ақ парақты кеудесіне басып терең ойға шомды. Осы сәтте, күйеуінің сырттан үйге кірген дабыры ойын бөліп жіберді.

— Қалай?.. Оқып шықтың ба?— деп қасына келген Дәркембайды құшағына қысып.

— Дәркенжан-ау, мынау да өлмес өнердің бірі ғой! Осы уақытқа дейін кеудеңе қалай сиғызып, қалай жасырын сақтап жүргенсің?! Бар болса бөгіп жатқан мына өнерінді де сыртқа шығарсайшы! Бұл деген мақтаныш үстіне мақтаныш қой!..— деп Дәркембайдың әр жетістіктеріне шын ықласымен қуана білетін Балжанның қос жанары жайнап билеп кете жаздады.

Қолың жеткен шамалы жетістігіңе де балаша қуанар жақының болса, ол да бақыт-ау!

Осыдан кейін Дәркембай іші толып ұйқысы қашқан түні отыра қалып өлең жазуды әдетке айналдырды. Кеуде толған толғаныс пен саналы ой-пікірлерін қалам ұшынан сыртқа шығарып жаны жай тбатын болды.

Ауылы есіне түскен бір кеште, дос жарандарын сағынды білем.
«Ауылдастарым» деген өлеңінде:

— О, менің ауылдастарым,
Қара көз қарындастарым.
Қайда ғана жүрсіндер,
Қайдасың бөрің достарым.

Қадірлі замандастарым,
Туысқан — қандастарым.
Сағынып кеттім бөріңді,
Бастарыңды бір қоспадым...

— дей келіп бұл өлеңін былай деп аяқтайды. —

О, кұрбы-кұрдастарым,
Мөңгілік тұрмас — бағың.
Силасайық тірлікте,
Ғұмыр шіркін — қас қағым.

Қазақстан егеменді ел болып, билігін өз қолына алғанда жүрек жарды мына өлеңі ақ қағаздың бетіне түседі.

СҮЙІНШІ...

Атты ғой арайлы азат таң,
Құтылдық құлдықтан, тозақтан.
Құтылдық мөңгілік азаптан.
Баянды болсын күн
Бұғаудан босатқан.
Қаскүнем жауына тас атқан,
Атты ғой арайлы азат таң.
Ғажайып, ғажап таң.
Құтылдық мазақтан, азаптан,
Қазағым масайрап, масаттан!

Ел басына нарық келіп, оның қатал заңына көндіге алмай, не оның тілін тауып тіршілік жасай алмай арсаландап қалған қауымға Дәркембай мына бір өлеңін жолдайды.

ЖҮНЖІМЕ БЕКЕР...

| | |
|-----------------|----------------|
| Тарыққан халық, | Түсірмейік, |
| Зарыққан халық. | Түсінейік. |
| Күдік те бар, | Шуақты күндер, |
| Үміт те бар. | Тұрақты күндер |
| Өтпелі кезең, | Келеді анық. |
| Өтер де кетер, | Өтеді нарық, |
| Жүнжіме бекер. | Өтер де кетер, |
| Салтымызды, | Жүнжіме бекер, |
| Парқымызды, | Жүнжіме бекер. |

Ақын ақын ба, егер жетпіс тамырын жібітіп, өрт құшағымен төсін терлеткен сүйген жарына арнау жазбаса. Дәркембай да ақындық шабытқа көмілген бір кеште жан жары Балжанға арнай мына өлең шумақтарын жазып тастайды.

БАЛЖАНҒА

Бал дәуренді қызықты дала кезген,
Бір ауылда өткіздік бала кезден.
Түбі осылай боларын білгендей-ақ,
Назар түйістірмеппіз ала көзбен.

Өстің сен де ырғалып талшыбықтай,
Мөлдіреп таң ертеңгі тамшы-шықтай.
Есейгенде ояттың от сезімді,
Дегендей-ақ сол сәтті қалшы ұмытпай.

Арпалыстым шок түскен сезімменен,
Арпалыстым, алыстым төзімменен.
Табиғаттың ғажайып тылсым күші,
Табыстырып тынды ғой өзіңменен.

Ақ құсым бол қолыма қона кеттің,
Ғұмырды бойдақшылық «шолақ» еттің.
«Құсың құтты болсын!» деп келгендерді,
Дастарқаның жиылмай қонақ еттің.

От жақтың отауыма ошақ құрып,
Ағайынды қарсы алдың құшақ ұрып.
Сыр алдырған жоқсың сен ешкімге де,
Буынсыз жерге кетсе пышақ ұрып.

Жалғасып аллам жазған дәм менен тұз,
Алмасып өтіп жатты жаз бенен күз.
Ақ бесікке сүйеніп болдың ана,
Жармасып етегіңе ұл менен қыз.

Кешкендей дарияны кемесіз-ақ,
Өсірдің ұл мен қызды енесіз-ақ.
Талай таңды атырдың көз ілместен,
Демедің қысқа болды, немесе ұзақ...

— дей келіп былай аяқтайды.

Соның бәрін ұмытпай санап келем,
Зор екен-ау, сендегі тағат деген.
Еш адамды жатсынбай күте білдің,
Табак пен де пейілмен, қабақпенен.

Жүдемедің жабырқап жоқшылықта,
Тастамадың тәубенді тоқшылықта.
Сай болып ниетіңе ұл мен қызың,
Ұқсайды бүрін жарған топ шыбыққа.

Тереңсің сен тереңге тамыр жайған,
Зерексің сен зердеңе сабыр жиған.
Алшалғышпен асүйде сылаңдаған,
Керексің сен «кемпушкам» қамыр жайған.

Балжатай арым да сен, жарым да сен,
Мүсінің әсем сенің, жаның да әсем.
Сен жанымда жүргенде, жаным Балжан
Еш әйелге емінбес, жалынбас ем...

— деп жан жарына деген көңіл күйін қалам ұшымен әдемілеп бетіне түсірген ақ парақты аялап қызыл папканың ішіне салады да, шешініп, көрпе астында балауса қыздай балбырап ұйқы құшағында жатқан Балжанның қасына жаға кетеді. Көрпе қимылынан оянып кеткен келіншегі көзін ашпай:

— Ұйықтап кетіппін ғой...— деп кең құшағын жая берді.

— Өзіңе деген сезімді қағаз бетіне түсіремін деп отырып қалыппын... Маған қандай ыстық едің?! Оныңды бүгін ерекше сезгендеймін, Балжаным...— дей беріп жанып жатқан өрт құшақты өзінің от кеудесімен көміп жіберді.

Көбіне ер адамдар, сана сыртында қалыптасар дерекілігімен орынсыз жерде жан жарына реніш білдіріп, ауыр-ауыр сөздер айтып қалатын кездері болады ғой. Сондықтан да оларды «еркек» деген, құлаққа қатқылдау тиетін сөзбен атаған да болар.

Қиуы кеткен жұмысындағы бір ісіне шатынап келген Дәркембай, Балжанның үйде болмағанына одан әрі жыны қозып, сабыр сақтап отыра тұрмай бір бөлмеден екіншісіне кіріп жүріп алды. Көп кешікпей, барып нан әкеле қояйын деп дүкенге жүгірген әйелі де келді. Оның үйге бас сұққаны сол екен:

— Жұмыстан шаршап келгенде!..— деп аяулысына біраз ауыр сөздер айтып жібереді.

— Сенің тәуір көретін асыңды әзірлей қояйын деп нан әкелуге уақытымның болмай кешігіп қалғаным. Боран боратпай ашуынды бас. Ас та әзір,— деп жайдарлы жүзбен езу тартқан Балжан асүйге кіріп кетеді.

«Ашулансам жайдарлы мінез көрсетіп... Келеке-мазағы ма, мұнысы?!» деген Дәркембай ашуын баса алмай қабағын шытумен болды. Балжанның да қабағы түсіп көңілсіз күй кешті. Содан ол күнгі кешкі асты үнсіз отырып ішкен отағасы, орнынан тұрып кетіп өзінің жұмыс бөлмесіне кіріп кетеді. Сол кеште Дәркембай мына бір өлең жолдарын дүниеге әкелген-ді.

ҰЯЛАТТЫҢ БЕТІҢЕ МҰҢ...

Ұялапты бетіңе мұң,
Ренжіттім — өкінемін.
Кінәм көп-ау осы менің
Ренжіме, өтінемін!..

Көзіңе көз түсіп еді,
Түйсінемін түсінемін.
Түсінбейтін кісі ме едім?
Үнсіз ғана күрсінемін...
Алдыңда мен кішіремін...

Бұл өлеңді де қызыл папканың ішіне салып қояды да, төсегінде аунақшып, ұйқысы бұзылып жатқан Балжанның қасына келіп қисая кетеді. Орынсыз жерде өзінің сүйіктісіне көрсетіп алған дөрекілігіне іштей ренжіп, әйелінен кешірім сұрағандай, теріс қарап жатып қалған Балжанның жотасынан құшады.

Қолына қалам алып отырған бір кеште әкелік сезім бойын билеп, ұлы Дәулетке өлең шумақтары арқылы ақыл айтады. Сол кештегі ақ қағаздың бетіне түскен өлең жолдары мынау еді.

АНА СҮТІН АҚТАСАҢ

Зияны жоқ зиялының —
Сөзін ұғып жаттасаң.
Өкінерсің ұяң ұлым,
Өнер іздеп таппасаң.

Сені ақылды, дана көрер,
Сырыңды іште сақтасаң.
Ұйқың тыныш болар егер —
Арам асты татпасаң.

Абыройдың құшағы шөл,
Ағайынды даттасаң.
Жақсылықтың нышаны сол —
Достың қолын қақпасаң.

Құрыдым де әлегінмен,
Әдеп жолын аттасаң.
Әдемі үнмен, әдебіңмен,
Ана сүтін ақтасаң.

Бір кеште қызы Құралайға да мына шумақ өлеңдерін арнайды.

ҚҰРАЛАЙҒА.

Таққан танам өңірге Құралайым,
Оң жағыңнан сенің де туар айың.
Сен бақытты болсын деп, жалбарына,
Тіленейін тәңірден, сұранайын.

Асыл менен Дәулеттің ортасында,
Қорқасың ба, сен еркін жортасың да.
Еліктің лағындай еркемсің ғой,
Еркелегін әкеңнің арқасында.

Ендеше естісі бол еркелердің,
Ағаңа ілес, ініңді ерте бергін.
Сендер барда есебім түгел менің,
Келеді көңілді күй шерте бергім.

Сендер үшін мен талай тер төгемін,
Әлі талай жанармын, өртенермін.
Мендегі мол әкелік мейріммен,
Аялаймын әдіптеп, көмкеремін!

— деп жазылған төрт шумақ бұл өлең де қызыл папканың ішінен орын алды.

Өзінің өмір бойғы жиып-терген көне бұйымдарын, болашақ ұрпақтарға, көбейтпесе азайтпай, жеткізер деген Дәркембай туған еліне мына «Аманатын» ақ парақтың бетіне былай деп түсіріпті.

АМАНАТ

Халқымыздың дәстүрлі төл өнері,
Кәсібім ата-мұра қол өнері.
Жинадым әдет-ғұрып салт дәстүрін,
Елімінің ескілерін көнелерін.

Жинаған көп уақыт коллекциям,
Тындаған көрілерден өлмес күй-ән.
Көненің көзіндей бір музей болды,
Осыдан келер ұрпақ көрмес зиян.

Сенемін, келер ұрпақ көрмес зиян,
Өнерімді өмірде дербес құям.
Қабыл ал аманатты, туған елім,
Алтын бесік, алауы сәнбес ұям.

— деп жазып тастайды.

Адам баласының бір «қызық» мінезі бар да. Әсіресе қазакемде. Төрдегі «төбеті» емес-ау, есік алдындағы үрген «итін» қастерлей білетін Кавказ халқының сол бір қасиеті біздерге жетпей жүргені өкінішті-ақ! Қасымызда жүрген не жақсыларымызды елемей, ұмыт қалдырып, шет жақтың, дыбысын әзер шығарып «үре» білетіндерін асыра мақтап, солардан үлгі алып жататындарымыз да бар. Олардың «өнегелі» іс-әрекеттері мен өмір сүру жолдары біздің елдің тірлігіне қайшы келіп, кері әсерін тигізіп жатса да мән бермей бүктеп, қабыстырып әкеп сана-сезімімізге сіңірмек боп тыққыштап жатқанымыз. Ай Қазакемай, Қазакем...

Көнеден келе жатқан қол өнерін ел ішіне қайта әкелем деп жан салып, жер-көкті кезіп, түйіріне дейін жиыстырып жүрген Дәркембай «Бір жанармын лапылдап...» деген өлеңінде:

Мен ояумын, ұйқыда қала жатыр,
Түн ауып, таңға ұласып бара жатыр.
Тар қапасқа қамалған тағыдайын,
Тағдыр мені қамады, қамады ақыр.

Өмірімнің жазы өтіп бара жатыр,
Көңілімде көлкілдеп нала жатыр.
Көмейіне көріктің түспей қалған,
Кеудемде бықсыған бір шала жатыр.

Өткен күнде өсек пен жала жатыр,
Жүрегімде өксiк пен жара жатыр.
Жек көрiп өзiмдi өзiм жиренемiн,
Түкке тұрмас тiрлiктен қара бақыр.

Ойым мен бұл тiлегiм санада тұр,
Бiраз ғана уақыт арада тұр.
Аз ба, көп пе жыл мен ай, кiм бiледi,
Бiр жанармын лапылдап қара да тұр!

Бiр жанармын лапылдап қара да тұр!
Қара да тұр...

— деп келiп әрi қарай ойын қалам ұшынан шығармай iшiнде сақтап қалады да: «Несiн жаза берейiн, санасы түзу жан болса өзi-ақ түсiне жатар» деп орнынан тұрып кетедi.

* * *

Дәркембай өлең жолдарын жаза бастаған алғашқы күндердiң бiрiнде, аталас туысы Қызжiбек Жарқынбаева құрбысы Қанипа Бұғыбаеваны ертiп Дәркембайдың үйiне қонаққа келе қалды. Екеуi де атақтары ел арасына кең тараған ақын, әрi iсмер, жалындап жанып тұрған жас келiншектер!

Ас соңында, келген қонақтар өздерi жазған өлең жолдарын оқып, тыңдармандарды мәз-мейрамға бөледi. Көркiне сымбаты сай, сықылықтай күлiп отырған қос келiншектiң өз ара жарыса оқыған өлең жолдары, күйылған шараптан шамалы ұрттап алған Дәркембайдың да жан дүниесiн қозғап, делебесiн қоздырып жiбердi. Мынадай атағы шыққан қазақ елiнiң ақын қыздарына өзiнiң жазып жүрген өлең шумақтары барын қалай бiлдiрерiн бiлмей қипақтап-ақ отыр. Аз да болса ұрттаған шарап басына шауып батылдық бердi бiлем:

— Менiң де жазған бiраз өлеңдерiм бар,— дедi отырыстың қызған орта тұсында.

— Дәркен, айтқаның рас болса бiр-екеуiн бiзге оқып бершi,— деп Қызжiбек жабыса кеттi.

Өзi де соны күтiп отырған Дәркембай түпкi бөлмеге жүгiрдi.

Жазған өлеңдерiн қаттап салып жүрген қызыл папкасын қолына алып қайта шыққан ол, көңiлiне қонып жүрген бiр өлеңiн мәнерлеп оқып бердi.

— Дәркен, бар болса тағысын оқышы,— деп ендi Қанипа қолқа салады.

Бiр деммен келесi бiр төрт шумақ өлеңiн оқып шыққан Дәркембай, бiр сәт үндемей тым-тырыс отырып қалған қос келiншекке кезек қарайды. «Ұнамаған болар...» деген күдiк те жоқ емес. Әлден соң:

— Мынауың жан тебiрентер поэзия ғой, ау Дәркен! Тағы бар ма?— деген Қызжiбек орнынан тұрып келiп Дәркембайды күшты. Қанипа да өлең жолдары мен мән-мағнасына дұрыс бағасын берiп жатыр.

Қос келіншектің айтқан жақсы пікірлерінен рухани демеу алған Дәркембай екі-үш өлеңін тағы оқып шықты.

— Дәркен, алдыңдағы жазғандарыңды маған берші. Үйге апарып мұқият оқып көрейін. Тек қолөнерінің қас шебері ме десем, поэзиядан да құр алақан емес екенсің ғой, — деген Қызжібек қызыл папкаға қолқа салды.

Әтте-ең, кісен салып, шідерлеп тастауға келмейтін уақыт деген бір орнында тұрар ма. Минуты мен сағатын қоса санап екі апта да дөңгеленіп өте шықты.

Түс ауа, безектеп кеткен телефонның құлағын көтерген Дәркембай:

— Ия, тындап тұрмын, — деді.

— Дәке, мен Сұлтанмын ғой.

— Не боп қалды? Сөзінде екпін бар ғой. Жайшылық па?

— Жуасың!

— Жуғаны қалай? Нені?

— Уақыт тауып офиске келіп кет. Телефон арқылы айтып жатуға ұзақ әңгіме. Оның үстіне өзіңе тиесілі затты сым арқылы беріп те жібере алмаймыз. Мынаған қалай дейсің.

Біздің жаққа жолың түссе келерсің,
Мүсінің теңесе алмас нелер шың.
Күміс ерлі ақбоз атқа мініп ап,
Таңғажақын түсіме сен енерсің...

— тағы бір мына шумағын оқып жіберейін, Дәке. Тында.

Қолың емес, жүрегің ғой жырлаған,
Кеудең сенің сұлу сарай, сырлы алаң.
Өмірімді өмірімен өрнектер,
Сендей ұста керек болып жүр маған...

— деп Сұлтан көңілдене күліп алды.

Құрбысының қолынан телефонның құлағын алған Талғат:

— Төтеме айтыңыз. Дастарқанын жайып дайындай берсін.

Өзіңізбен ілесе барып жудыртамыз, — деп ақ көңілін білдіріп жатыр.

«Айтып жатқандары қандай қуаныш? Оқып берген өлеңі несі?» деген Дәркембай қол астындағы шеберлеріне тиісті шаруаларын тапсырып, шеберханадан сыртқа шықты. Алматының ортасынан орын алған «Мирастың» офисіне құстай ұшты.

Кеңсеге кіріп келген Дәркембайға орындарынан тұрып қолдарын ұсынған інілерінің көңілдері көтеріңкі. Бір біріне қарап жымың-жымың етеді.

— Маған көрсетіп жатқан мына құрметтеріңе жол болсын? — деген Дәркембай сұрана айнала-төңірекке көз жүгірткен еді, үстел үстінде жатқан өзінің қызыл папкасын көрді. Сонда барып самал желдің қай тұстан соғып тұрғанын аңғарды.

Барып үстел үстінен қызыл папканы қолына алған Сұлтан:

— Міне мынаның ішінде. Өзің оқып шығарсың,— деп оны Дәркембайға ұсынды.

Дәркембай папканы ашып қараса, қатталған өзінің өлеңдері. Үстінде, қолөнер шеберіне арнай жазған Қанипаның «Ұста» деген лирикалық поэмасы! Отыра қалып, оны бір деммен оқып шыққан Дәркембайдың жүзі бал-бұл жанып, езу жиып отырған ана екеуіне көз тастайды. Олардың алдында мерейі өсіп, марқайып та қалды.

Содан, қос келіншектен рухани қолдау тауып одан әрі шабыттана түскен Дәркембай поэзия тұңғыығына кете барды. Бір күні «ыңғайсыз-ау» деп қысылса да қызыл папкасын қолтықтаған Дәркембай ауылдасы, әрі қазақ еліне әйгілі ақиық ақын Тұманбайға апарып өлеңдерін оқытып, оның пікірін білмек болды.

— Аға,— дейді жайғасып отырған соң.— Кейінгі күндері шамашарқыма қарай өлең жазып жүр едім. Әпкем Қызжібек пен оның құрбысы Қанипа үйге келгенде біразын оқып бергенмін. Жақсы деген баға алдым. Осы жазған өлеңдерімді оқып көріңізші. Дұрыс пікір айтар деп өзіңізге келіп отырмын. Жай шатпақ болса жасырмай ашып айтыңыз, бас қатырмай қоя қояйын,— деп ақыл салды.

Дәркембай әкелген өлең жолдарын түгел оқып шыққан Тұманбай:

— Кейбір өлеңдеріңнен үлкен әсер алып, өзім жазғандай қуанып отырмын. Талабыңның арнасы кең, талғамы биік екен. Қосымша келіп қолыңа қонған мына талантты жоғалтып алма, Дәркен. Уақыт тауып тоқтаусыз жаза бер,— деп ақыл мен пікірін айта отырып сөз соңында.— Әтте-ең, бұдан жиырма жыл бұрын қолыма түспеген екенсің!..— деп әттеген-айын қосып жіберді. Содан Дәркембайға поэзия жолында да үлкен табыс, кең өріс, шаршамайтын шабыс тілеп шығарып салды.

Қоштасып жатып, Дәркембай:

— Аға, қолыңызға түспегенім де дұрыс болған шығар. Түскен болсам, ақын-жазушылардың орта тұсына жеткен күнде де, одан әрі аса алмай дінкелеп жүрер ме едім, осы күндері. Ал мына ата-бабаларымның жолын қуған тірлігім...— деп жауап берді.

— Әлбетте, әлбетте...— деген Тұманбай шебер қол Дәркембайдың қолөнер саласындағы жеткен жетістіктерін мойындамасқа болмады. Өйткені...

II

Ресей. Пермь қаласы. Пермь қаласымен ірге тіресіп орналасқан әскери бөлім. Әскери бөлімнің бір шеті қалың өскен тоғаймен жалғасып жатыр.

Түс мезгілі.

— Взвод, тоқта!— деді бір топ жауынгерлермен қатарласа жүріп келе жатқан старшина Стефанюк пәрмен беріп.

Аяқтарын сартылдата, іскер-тіркес екі қатар болып келе жатқан жауынгерлер, асхананың алдына жете бере сарт-сұрт тоқтай қалды. Ертеңгісін казармадан шығып кеткен бұлар тоғай ішінде әскери ойын ойнап қайтқан-ды.

— Оңға-а бұрыл!— деді старшина.

Бір аяғының басымен, келесі аяғының өкшесіне салмағын сала берген жауынгерлер бір адамдай сарт еткізіп оңға бұрыла қалды.

— Түзеліңдер!— деген пәрменді тағы беріп жіберді, старшина.

Қаздай тізілген жауынгерлер қатарларын түзеп, кеуделерін сәл-пәл алға ұмсындырып, иектерін көтере қойды.

Әскери тәртіп деген қандай десеңізші! Старшина сөйлеп кетті.

— Әжеттеріңді өтеп, қолдарыңды шайған соң асқа отырасыңдар. Ас ішуге берілетін уақыт жарты сағат. Жарты сағаттан соң осында қайтып келесіңдер. Енді тараңдар!— деді.

Шашып жіберген тарыдай жан-жаққа пытырай жөнелген жауынгерлер бірі әжеттеріне жүгірсе, бірі жуынуға жөнелді.

Адымдай басып қол шаюға кетіп бара жатқан Дәркембайға:

— Қатардағы Шоқпаров! Сен мұнда кел!— деп аяқ астынан шыға келген жас лейтенант оны өзіне шақырып алды.

— Шақыруыңызбен келіп тұрмын, жолдас лейтенант!— деп Дәркембай оның алдына бара бой түзеп, оң қолын шекесіне апарды.

— Асыңды ішіп болған соң әскери бөлімшенің командирі, подполковник Левицкий жолдасқа барғын. Сені келіп кетсін деп жатыр,— деді.

— Құп болады, жолдас лейтенант! Не үшін екенін білуге болар ма екен, жолдас лейтенант?!— деді Дәркембай, Левицкийдің менде не шаруасы бар екен деген оймен.

— Қабаттасқан сұрақ қоймас болар, қатардағы жауынгер! Айтқан бұйрықты орында!— деді жас лейтенант үлкендеріне ұқсап.

— Дәл солай, жолдас лейтенант! Кетуге ұлықсат етіңіз,— деді Дәркембай қақшиып тұрған қалыбы.

— Ұлықсат, барғын,— деді де лейтенант өз жайына жүре берді.

Соның өзінде:

— Құп болады, жолдас лейтенант!— деген Дәркембай әскери ізетін жасап, өкшелей лып беріп артқа қарай бұрылады да жүріп кетеді.

«Подполковник мені не үшін шақырды екен, ә? Мен несіне керек боп қалдым, сонда?» деген ойлар Дәркембайдың көкейінде ойнақ салып жүріп алды. Алдына алған асына да тәбеті тартпай орнынан тұрып кетті. Взвод командиріне барып, осылай да осылай деп жөнін айтқан еді. Ол:

— Білем. Барғын,— деді.

— Не үшін шақырып жатыр екен?— деп мазасы кеткен Дәркембай оған да сұрана қарады.

— Барған соң естисің. Бір шаруаның басы шығып қалды да, деп тіке қойылған сұрақтан тайсақтап кетті.

— Жарайды, ендеше мен кеттім,— деген Дәркембай әскери бөлімше орналасқан екі қабатты ғимаратқа бет бұрды.

Ғимараттың есік алдында тұрған күзетші-жауынгер, таяп келген Дәркембайға:

— Қатардағы Шоқпаров сенбісің?— деді.

— Я, менмін.

— Олай болса өте бер. Келсе тоқтаусыз кіргізіп жібер деген бұйрық бар менде,— деді.

— Не үшін шақырыпты?— дейді әлде қандай пәледен сезіктенген Дәркембай, бұл тұрған жауынгер ол жағынан бейхабар болатынын есінен шығарып.

— Қайдан білейін. Жүз грам шарабын құйып дайындап отырған шығар, саған деген,— деп күзетші-жауынгер ыржалақ қағады.

— Сандалжанның дәл өзі екенсің ғой!— деген Дәркембай ғимараттың есігінен әрі қарай ене берді.

Екінші қабатқа көтеріліп, қабылдау бөлмеге бас сұққан қатардағы жауынгер, үстел басында отырған офицерге әскери ізет жасап, подполковник жолдастың шақыруымен келіп тұрғанын баяндады.

— Ия, ия. Кәзір,— деп орнынан тез тұрған ол төр кабинетке сып беріп кіріп кетті. Лезде қайта шығып.

— Кір,— деді есікті ашып жол беріп. «Мені неге осыншама құрметтеп қалды, бұлар? Ай, қайдам...» деп көңіліндегі күдігі ұлғая түскен Дәркембай атшаптырым кең бөлмеге кіріп барды.

— Шақыруыңызбен келіп тұрмын, жолдас подполковник!— деген Дәркембай бойын тіктей беріп, әскери ізетімен оң қолын шекесіне апарды.

— Ә-ә, қатардағы жауынгер, Шоқпаров. Кел-кел. Отыр ана жерге,— деп отыратын орындықты нұсқап, өзі орнынан тұрып кетті. Дәркембай отыра қоймады.

— Сен отыр,— дейді Дәркембайдың қасына келген подполковник.

— Отыр мына орындыққа. Мен түрегеп біраз жүре тұрайын. Отырудан артымыз жауыр болатын болды,— деп езу жиды. Содан бір шама уақыт үнсіз әрі-бері жүріп алды.

«Не айтар екен?» деген Дәркембайдың қос жанары әрі-бері, сағат тіліне ұқсап жүріп алған Левицкийге ілесіп, одан қалар емес.

— Қатардағы Шоқпаров...— дегенде орнынан атып тұрған жауынгерді қайта отырғызған подполковник.— Телеграмма алдық...— деді.

— Қандай телеграмма?!— деген Дәркембайдың үні дірілдей шығып, отырған орнынан тез тұрып кетті.

— Анаң қайтыс болыпты... Міне, келген телеграмма,— деп барып үстел үстінде жатқан тілдей созылған қағазды әкеп Дәркембайдың қолына ұстатты.

Жайдың оты кеп қақ төбесінен түскендей болған Дәркембай, телеграмманы оқуға мұршасы келмей, қос жанарына жас толып, подполковниктің ұлықсатынсыз орындыққа қайта отыра кетті. Басын төмен тастап, қос алақанымен бетін басты. Екі иығы селкілдеп, өксігін баса алсайшы.

Әңгімені алдымен алыстан бастап, адам сезімін дайындап алмай дүңк еткізіп қойып қалғандай айтып салғанына біршама ыңғайсызданып қалған Левицкий орнына барып отырды да:

— Жауынгер Шоқпаров, сен көп жылай берме. Енді ауылыңа быражола қайт. Әскери міндетінді атқару мерзімі де аяқталып қалған жоқ па. Міне құжаттарың. Бүгін тынығып ал да, ертең жолға шық. Екі жыл бойы мінсіз әскери міндетінді атқарғаныңа, басқаларға үлгі болғаныңа өз атымнан алғыс айтам. Менің де қайғыларыңа ортақ екенімді

туған-туыстарыңа айта бар. Қош, сау бол жауынгер Шоқпаров, — деп орнынан қайта тұрған подполковник күні бұрын дайындап қойған құжаттарды қолына ұстатып, арқасынан қағып есіктен шығарып салды. Қос жанары қызарып, өксігін әзер басқан Дәркембай сыртқа шығып, казармасына қарай бет алды.

* * *

Қазатком. Шағын ауыл. Ауыл іші абыр-сабыр, Жұмакүлдің жетісін өткізіп жатыр.

— Бейшараға, әскерде жүрген жалғыз ұлынан бір уыс топырақ бұйырмады-ау.

— Жіберген хабар Ресейдің түкпіріндегі қаласына қайдан тез арада бара қойсын. Жеткен күнде жол қашық.

— Анасының жетісіне де үлгермейтін болды ғой, — деген жүгірме сөздер әйелдер арасын аралап кетті.

Жиылған қауым жайылған дастарқан басына іркес-тіркес келіп отырып жатыр. Ауыл молдасы Қихымет қарт, төр төбесіне жайғасып отырып алған соң құраннан аят оқымақ болды да, отырған қауымға тынышталындар дегендей ым қақты. Осы тұста, көше бойына көз жүгіртіп отырған, марқұм Жұмакүлдің көршісі Бәтима:

— Келе жатыр! — деп қайғы үстінде отырса да қуанышын жасыра алмай дауыстап жібергені.

Оның саңқ ете қалған дауысы жиылып отырған жұртты елең еткізді. Отырғандар көше жаққа жанарларын жүгірткен еді, расында, арқақабын арқалаған бір жауынгер өздеріне қарай адымдай басып келе жатыр. Бәрі, келе жатқан жауынгер Дәркембай екенін танып кетті. Бірі қалмай орындарынан өре түрегелді.

Немересінің келе жатқанын көрген қарт әжей Жанымжан таяғына сүйене орнынан әзер тұрды да:

Келе жатсың ба аман-есен, Дәркенжан-ау?
Бізді тастап анаңның о дүниеге кеткені анау.
Әкеннен жастай жетім қалып едің,
Нақ жетім енді болдың ғой, ботам-ау!..

— деп зарлай жөнелді. Содан аяқ-қолы қалтырай немересіне қарай жылжыды.

Әжесінің зарын естіген кезде, өзінің де іші өкініштен өртеніп келе жатқан жігіттің бойы шымырлап, буындары босай берді. Өзін өзі ұстай алмай:

Әжетайым-ау, әжетайым!.. Анашымды қайда жібердің?.. — иығындағы арқақабын жерге тастай беріп, әжесіне қарсы жүгірді. Келе қарт әжесін құшағына көмген ол, қос жанарынан ағыл-тегіл шығып жүзін жуған жасқа ерік берді. Өксігін баса алмай екі иығы селкілдеп тұр. Немересін құшқан қарт та іштегі зарын айтып боздауын қояр емес.

Екеуін қаумалап қоршап алған қауым. Олар да көздеріне жас алып, кезек келіп Дәркембаймен көрісіп, көңіл айтып жатыр.

Зарын айтып тауыса алмаған Жанымжан әжейдің қолтығынан сүйемелдеген қос кемпір Бәтима мен Жамбы:

— Алланың пешенеге жазғаны солай болса не шара. Тауысыла берме, Жанымжан. Өне, аман-есен ботаң келді. Жұмакүлдің көре алмай кеткен қызығын енді өздерің көруге жазсын, құдайым,— деп басу айтып жатыр.

Дәркембайды да көрші-қоландары екі жағынан қолтықтап:

— Анаң деген бізге ғана емес, бүкіл ауылға аяулы еді. Тағдырға қарсы тұрар кім бар дейсің. Ерте ме, кеш пе бәріміз де со жаққа аттанамыз... Жаси берме, Дәркенжан. Ана әпке, қарындастарың мен қарт әжеңе қамқоршы болатын енді өзіңсің. Осалдық білдіріп олардың өмірін жасытпа,— деп басу мен қоса ақылдарын айтып Дәркембайдың өксігін әзер басты-ау, әйтеуір.

Содан Жұмакүлдің жетісіне жиылған жұрт:

— Тойға келейік.

— Қуаныш үстінде кездесейік,— десіп үйді үйіне тарап кетті.

Жиылған қауым тарасып кеткен соң әпке, қарындасын құшып көз жасын қайта төгіп алған Дәркембай, қасында қалған құрбылары Өміржан мен Тұрсынды ертіп бейіт басына жөнелді...

Жұмакүлдің қырқын өткізіп, біраз есін жиған Жанымжан әжей:

— Дәркеш жаным, сен оқуынды барып оқы. Бастаған екенсің бітіріп шық. Мен әпкең Лизаның қолына бара тұрам. Қарындасың Фарида болса да Алматыдағы есеп-қисап жүргізетін оқу орнында оқып жүр. Амандығын берсе, ол да бітіріп алсын. Қатарларыңнан қалмандар, қарақтарым,— деп жөн сілтеді...

Бұл әжесінің екінші мәрте жол сілтеп, ақылын айтып үлкен өмір жолына аяқ бастырғаны еді. Алғашқысы...

* * *

Дәркембай Ақши ауылында өмірге келсе де, балғын балалық шағы Қазатком ауылында өтті. Өйткені Жауынбай деген ағасы Қазатком ауылынан үй салып, әкесін қолына көшіріп алған-ды. Содан көп кешікпей ол ағасы қайтыс болады да, бұлар сол көшіп барған үйлерінде тұра береді. Жауынбайдан екі қыз қалады. Райхан, Күләйхан деген.

Дәркембай жетінші сыныпта оқып жүргенде әкесі де дүние салды. Содан қойшы, жанұяда еркеккіндіктен жалғыз өзі қалып, үй тірлігінің бар ауыртпалығы қаршадай баланың мойнына артылды. Қазаткомдағы жетіжылдық мектепті тамамдаған Дәркембайды, әрі қарай оқытпақ болған әжесі, Қырбалтабай ауылындағы ашылған мектеп-интернатына орналастырады. Үш жылды артқа тастап орта білім алып шыққан Жанымжанның немересі ауылына оралды. Әрі қарай оқуын жалғастыруға жағдайы келмей Дәркембайдың біраз мұңайғаны да бар. Өйткені шешесі аурушаң, әжесі қарт еді. Алдында әпкесі, артында қарындасы. Бәрі бұған қарап, арамызда қалған азаматымыз деп жәутендейді. Отағасы жоқ жанұяның тұрмыс-тіршілігі де төмендеп кеткен кез болатын.

Мектеп қабырғасында жүргенде сурет салуды ұнататын Дәркембай, Алматыдағы суретшілер училищесіне барып түссем деп армандайтын-ды. Енді міне, үйде басқа ер адам болмай, бәрі өзіне қарап қалғанын ескерген ол:

— Мен ауылда болып жұмыс істейін. Жағдайымыз жақсарған соң барып оқуға түсермін,— деп үй ішіне ойын білдіреді.

— Қатарыңнан қалып қойып өкініп жүрмесең...— деп әжесі ескерткен еді.

— Әже, сіздерді мына күйлеріңізде қалдырып, қай бір оқи қоярмын. Анам сауығып, күнделікті тірлігіне кіріскен соң барып оқырмын,— деп тоқталған шешімін айтты.

— Оның да дұрыс шығар, ботам,— деген әжесі немересінің ойын құптап, мейірлене қарады.

Содан Қазатком ауылындағы трактор бригадасына барып жұмысқа орналасқан Дәркембай, жаз бойы әр түрлі жұмыстарын істеп, кәдімгідей табыс тауып, жанұяның тұрмыс жағдайын жақсартта түсті. Анасы да айығып күнделікті күйбің тірлікке араласа бастады.

Күз де таяп қалды. Жаз бойғы арқаланған еңбектерінің жемісін, бір кісідей болып жұмылған ауыл адамдары, жиып-тере бастаған кез. Кеш бата жұмыстан қайтып келе жатқан Дәркембаймен мектеп директоры Мәтжан Ибрагимов ұшыраса қалды.

— Ассалаумағалейкум, аға!— дейді Дәркембай.

— Уағалейкумассалам, Дәркенжан! Жұмыстан қайтып келемісің?

— Ия.

— Әжең мен анаңның қал-күйлері қалай? Ауыру-сырқаудан аман ба?— деп Дәркембайды сөзге тартты.

— Аманшылық, аға. Рахмет.

— Дәркембай, өзіңе кездесем деп жүр едім.

— Не шаруамен?

— Мектепте оқып жүргенінде суретті жақсы салушы едің. Қаныңда бар өнерді ұмыта қоймаған шығарсың?

— Жоқ, аға. Ұмытқаным жоқ. Қолым босай қалса осы күндері де отыра қалып сурет салуды ұнатамын. Оны неге сұрап тұрсыз?

— Дәркембай, біздің мектепке келсеңші.

— Не үшін?

— Мұғалім боп.

— Мен мұғалімдер даярлайтын оқу орнын бітіргенім жоқ қой, аға. Көріп жүрсіз, трактор бригадасында жай ғана жұмыскермін.

— Мен сурет салу жайын босқа айтып тұрғаным жоқ. Сурет салу пәнінен мұғалім керек боп жатыр. Келгін. Білмей жатқан жерің болса көмектесіп жібереміз,— деді.

Біршама ойланып қалған Дәркембай:

— Үй ішімен ақылдасып көрейін, аға.

— Ақылдасқаның жөн. Жауабын кешіктірме. Оқу жылының басталуына да шамалы уақыт қалды емес пе. Әжең мен анаң менен сөлем айт, — деді де Мәтжан өз жайына жүре берді.

Мектеп директорының ұсынысына қуанышын білдірген Дәркембайдың әжесі: